



АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТА

Кезекті LV сессия өтті



Жуырда аудан әкімдігінің мәжіліс залында VIII сайланған аудандық мәслихатының кезекті LV сессиясы өтті. Сессияға аудан әкімінің орынбасары Сатылғанов Самат Нақысбекұлы, аудандық мәслихаттың төрағасы Мүсірбаев Самат Сартаубайұлы, аудандық мәслихат депутаттары, ауыл әкімдері қатысты. Сессияның күн тәртібінде екі мәселе қаралды.

1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын аудан көлемінде іске асыру барысы туралы.

1. Райымбек аудандық мәслихатының жергілікті өзін-өзі басқару, бюджет, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, туризм, инновациялық даму, өнеркәсіп, құрылыс, көлік, коммуникация, энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ауылшаруашылығы және жер қатынастарын реттеу, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі тұрақты комиссиясының 2025 жылғы атқарған қызметі туралы есебі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары Самат Нақысбекұлы «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын аудан көлемінде іске асыру барысы» туралы баяндама жасады.

Екінші мәселе бойынша аудандық мәслихаттың депутаты, мәслихаттың тұрақты комиссия төрағасы Берік Сыдықбаев баяндады.

Баяндамашыларға сұрақтар қойылып, ұсыныс-пікірлер айтылды. Сессияның күн тәртібіне ұсынылған екі мәселе толығымен қаралып, кезекті сессия жабық деп жарияланды.

Дастан ҚАСЕНҰЛЫ

Райымбек аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 3-тармағына сәйкес, VIII сайланған Райымбек аудандық мәслихатының кезекті сессиясы 2026 жылғы 16 сәуір күнгі сағат 11.00-де Нарынқол ауылында аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өтетінін хабарлаймын.

Аудандық мәслихаттың депутаттарын тіркеу 2026 жылғы 16 сәуір күнгі сағат 9.00-дан бастап мәслихатта жүргізіледі. «Депутат оқуы» сағат 9.30-да, мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессия қарауына мына төмендегідей мәселелер ұсынылады:

1. Райымбек ауданының 2025 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы есебін бекіту жайлы.

Баяндамашы: Тыныбаев С.Ө. - ауданның «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

2. Облыстық тексеру комиссиясының аудан бюджетінің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы баяндамасы.

Баяндамашы: Есжанов Б.Б. - Алматы облыстық тексеру комиссиясының мүшесі

3. Облыстың даму жоспарының іске асырылуы туралы баяндамасы.

Баяндамашы: Тыныбаев С.Ө. - ауданның «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

4. Аудан бюджетінің атқарылуы туралы есеп бойынша аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясының қорытындысы бар баяндамасы.

Баяндамашы: Сыдықбаев Б.Ұ. - мәслихаттың тұрақты комиссия төрағасы

5. Райымбек ауданының ауылдық округтерінің 2025 жылғы бюджеттерінің атқарылуы туралы есептерін бекіту жайлы.

- Баяндамашылар:
- Шенебеков А.С. - Нарынқол ауылдық округінің әкімі
 - Қойлыбаев Р.Б. - Жамбыл ауылдық округінің әкімі
 - Сайынов Е.Б. - Қақпақ ауылдық округінің әкімі
 - Садвакасов Н.А. - Қайнар ауылдық округінің әкімі
 - Түрдәлі Е. - Қарасаз ауылдық округі әкімінің м.у.а.
 - Жетпысбаев С.С. - Сарыжаз ауылдық округінің әкімі
 - Саламат А.С. - Сүмбе ауылдық округінің әкімі
 - Абдикасимов К.И. - Тегістік ауылдық округінің әкімі
 - Аметов Е.Д. - Текес ауылдық округінің әкімі
 - Қайратұлы Б. - Ұзақ батыр ауылдық округінің әкімі
 - Жылқыбай О.Қ. - Шәлкөде ауылдық округінің әкімі
 - 6. Келіп түсуіне байланысты басқа да мәселелер.

Аудандық мәслихат төрағасының м.у.а.

Б. Сыдықбаев

2026 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасаз ауылдық округінің әкімі болуға тіркелген кандидаттар туралы қорытынды хабарлама

№ п/п	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
1.	Әбілжан Арсен Әбілжанұлы	1994	Бас маман, Райымбек ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, Алматы облысы Райымбек ауданы Сарыбастау ауылының тұрғыны	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
2.	Джумалиев Бауыржан Ерболович	1988	Бас маман салық инспектор, «Райымбек ауданы Тегістік ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Алматы облысы Райымбек ауданы Тегістік ауылының тұрғыны	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
3.	Сарсенбаев Улан Бектурсынович	1976	Ғимарат меңгерушісі, «Райымбек ауданының балалармен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасаз ауылының тұрғыны	«Amanat» партиясы ұсынды